

**Астана қаласы Білім басқармасы  
Қадыр Мырза Әлі атындағы № 88 мектеп- лицейі**

**«Келісемін»  
директордың тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасарлары  
А.Б. Молдатаева  
З.С. Асқарова**

-----  
«-----» \_\_\_\_\_ 2023ж.

**«Бекітемін»  
№88 мектеп- лицейінің  
директоры  
Ж.Т. Айтова**

-----  
«-----» \_\_\_\_\_ 2023ж.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске  
асыру бойынша  
2023-2024 оқу жылына  
арналған**

## **Жылдық тәрбие жоспары**

**/1-4 сынып аралығы/**

Педагогикалық кеңесте қаралды. Хаттама №1, 29 тамыз, 2023 жыл

## КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

### **Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;

- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

#### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

#### ***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз

ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

- **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

**Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

**Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар

министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

### **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**

Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылады.

Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

Білім алушыларға өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет етеді. Нағыз еңбек адамы әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзегінің еңбегін бағалайтын адал азамат екендігін түсіндіру қажет.

Жоба шеңберінде атқарылатын іс-шаралар мазмұнында білім алушыларға өз уақытын дұрыс, тиімді жоспарлау, қаржылық сауаттылық, шешім қабылдау, мақсатты әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталуы қажет. Жас ұрпақтың бойында еңбекқорлықтың арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру арқылы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруды және қоғамдағы әлеуметтік инфантилизмді азайтуды, өмірде табандылықпен жетістікке жеткен табысты адамдардың үлгі-өнегелерін құруды көздейді.

Бүгінде білім алушыларды еңбекті құрметтеуге баулу компьютерлік ойындарға деген құмарлықты, жалқаулықты жеңуге, лудомания дертін азайтуға ықпал етеді.

Ұлы Абай: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап» деген. Еңбек пен адам бір-бірінен бөлінбейді. Еңбек адамды жануарлар әлемінен жоғары деңгейге көтерді, оның физикалық дамуына ғана емес, ақыл-ойы мен рухани дамуына да ықпал жасайды.

Еңбек адамның тұлға ретінде қалыптасуы, оның өзін-өзі анықтауы, өмір бойы бүкіл қоршаған әлемді біртіндеп танумен байланысты.

Қазіргі әлемдегі мектепте де еңбекке баулу мәселелері өзектілігін жоғалтқан жоқ. Соған байланысты бүгінгі таңда қоғамда ғылымның заманауи жетістіктері мен ұлттық дәстүрлерін ескере отырып, еңбек тәрбиесін жаңарту қажеттілігі туралы мәселе туындайды.

А) Еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау:

- балалар мен жастардың еңбекке және еңбек адамдарына, еңбек жетістіктеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын, еңбек ету қажеттілігін, әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне, соның ішінде оқу мен үй шаруасындағы міндеттерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыру;
- өз іс-әрекеттерінің мағынасы мен салдарын дұрыс бағалай отырып, қажетті ресурстарды жұмылдыра отырып, ұжымдық жұмыс дағдыларын, өз бетінше жұмыс жасау қабілетін дамыту;
- мамандықты мақсатты таңдау үшін балалар мен жастарды әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға тарта отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету арқылы жүзеге асады.

Ә) Бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулу

Дәстүрлі еңбек қызметінен басқа, қатысушылар кәсіпкерлік негіздерімен танысады, өздерінің шағын жобаларын іске асырады және командалық дағдыларын дамыту арқылы бастамашылдық пен кәсіпкерлікке баулуға болады.

Б) Әлеуметтік жауапкершілік

Білім алушыларды қарттарға көмек көрсету, аумақтарды абаттандыру және экологиялық акциялар сияқты әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілігі арттыруға болады.

В) Өзін-өзі дамыту мәдениетін насихаттау.

Білімнің, іскерліктің және дағдылардың жаңа салаларын өз бетінше зерттеуге қызығушылықты ынталандыру, сондай-ақ үздіксіз білім беру мәдениетін дамыту.

Г) Ата-аналар мен қоғамды тарту

Ұрпақтар арасындағы диалогты қалыптастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ ересектер мен жастар арасында тәжірибе мен білім алмасу платформасын құру.

Жалпы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттейді.

Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға өзі тұратын ауылдағы, қаладағы табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, қолөнершілер фестивальдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірістік орындар мен кәсіпорындарда тәжірибе алаңдарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет.

**«Ұрпаққа аманат» жобасы**

Мемлекетшілдік пен отаншылдық идеясын кеңінен насихаттау мақсатында «Ұрпаққа аманат» жобасы жүзеге асырылады.

Жоба ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дәріптеуге тұғыр болады. Бұл – адамның туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, қоғам игілігіне адал қызмет етуге баулитын жоба.

«Ұрпаққа аманат» жобасы балалар мен жасөспірімдерді туған жер, атамекен, Отан деген қасиетті ұғымдармен сабақтастыру маңызды.

Атамекен – бұл ата қоныс. Атамекенін, туып, өскен елін, жерін жан-тәнімен сақтау, ата-бабадан қалған атамекен жерімізге иелік ету, ұрпаққа аманат екенін түсіндіру.

Өскелең ұрпақты «Мен қазақпын» деп аса мақтаныш сезіммен айтуға жетелей отырып, олардың өмір-тәжірибесіне еркіндік, бабалар ерлігі, ұлыларды ұлықтау, береке, ата-баба дәстүрі, әдет-ғұрып т.б дәріптеуді жүйелі енгізу қажет.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың маусым айында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «...Қазақтың тағы бір ерекшелігі – көне дәуірден бері келе жатқан өмір салты. Өзге елдер бізді көшпенділердің ұрпағы ретінде біледі. Бұл да – халқымыздың басты брендінің бірі...», - деген болатын. Демек, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарымызды дарыту көшпенділер өркениетінің мәдениетімен сабақтасады. Ұлттық тәрбие тамыры алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», әл-Фарабидің парасатты адам, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдерінде және басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектерінде үздіксіз жалғасып келді.

Демек, қазіргі таңда біздің алдымызда көшпелі өркениеттің терең және бірегей мәдениетіне ену және оның құндылықтарын брендинг арқылы қалай жеткізуге болатынын түсіну міндеті тұр.

Ең алдымен, брендингтің не екеніне тоқтала кетейік. Брендинг жай ғана имидж немесе бренд жасау шеңберіне қарағанда ауқымды. Брендинг – танымал және мағыналы символ жасау өнері. Бұл символ терең мағынаға ие әрі негізгі құндылықтарды, мәдени және тарихи мұраны бейнелейді.

Көшпенділер өркениетінің брендингі – ұлттық тәрбиенің басты құралына айналуы тиіс. Ол ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт сапасын арттыратын және тарихи сананы жаңғыртатын басты факторлардың бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, өнері, күйлері, жырлары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысын, психологиялық өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан көшпенділер өркениетін брендингілеу маңызды.

Көшпенділер өркениетін брендингілеу құндылықтарды айқындаудан басталады. Осы тұрғыда қазақ халқының «ұят болады, жаман болады, обал болады» ұлттық тәрбиесінің негізгі феномені екендігін ескеру қажет. Бұл тәрбиенің қайнар бұлағы, ал, *ар, ұят, намыс* қасиеттері баланың бойында адамилықты қалыптастырудың арқа сүйер құндылығы. Сондықтан да көшпенділер өркениетін тарихи артефакт ретінде емес, қазіргі білім беру контекстіне бейімделуге және түсіндіруге болатын ұлттық болмысымыз ретінде қарастыру қажет.

Сонымен қатар, көшпенділерге тән қасиеттер еркіндік, табиғатпен үйлесімділік және өзгерістерге жылдам бейімделу қабілеті. Яғни бұл номадтардың бойындағы ең басты қасиеттер. Бұл «номадтар тек мал бағып, малды жайлауға қажетті жерді іздеп көшіп-қонып жүрген» деген ойлан аулақ болуымызға басты шарт. Себебі, олар мобильді, әрқашан қозғалуға дайын, бір жерге байланбаған. Тез өзгертін жағдайларға – климатқа, рельефке немесе сыртқы қауіптерге жылдам бейімделген. Ең бастысы, олар табиғатқа деген терең құрметке ие болған және бұл олардың шешімдері мен өмір салтын анықтауға ықпал еткен.

Табиғатпен үйлесімділік, әр қадам, әр шешім қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге негізделген. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білім алушыларды табиғатпен етене жақын етіп тәрбиелеуге бағытталуы қажеттігін көрсетеді. Демек, білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлерін қолданысқа енгізуді қолға алуға керектігін көрсетеді. Мысалы: «Таза



аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

Көшпенділерге тән тағы бір ерекшелік табиғат жағдайларына тез бейімделу. Демек, қазіргі ВАНІ әлемге сай жылдам шешімдер қабылдау, сыни ойлау қасиеттерінің біздің тарихи қалыптасуымыздан бері жалғасып келе жатқан түйінді құзіреттіліктердің бірі екендігін көрсетеді. Бұл номадтан knowmads-қа дейінгі сабақтасты түсінуге ықпал етеді.

Білім беру ұйымдарында көшпенділер өркениетін брендингілеуді іске асыру тетіктері:

- «Тарих беттерінен», «Менің өлкемде көшпенділер мәдениетінен қалған із», «Көшпенділер өркениетінің мұрагерлері» және т.б. іс-шаралар ұйымдастыру;

- Бұл жоба көшпелі халықтардың тарихын, олардың мәдениеті мен өмір салтын зерттеуді және қазіргі заман талабына сай қалай жаңғыртуды дәріптейтін идеяларды жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. Жоба шеңберінде ұлттық болмысымызға тән қасиеттерді, игі істерді балалар мен жасөспірімдер ортасында танымал әлеуметтік желілер арқылы ұлттың рухын және ата-бабадан қалған мирастарды заман талабына сай жаңғыртуды насихаттау;

- Туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын танитын, дәстүрді білетін, оны сақтайтын, ұлттық мәдениетін меңгерген және оны болашаққа дәріптейтін тұлға қалыптасуына ықпал ететін «Ұрпаққа аманат» жобасы шеңберінде көшпелі өркениетпен байланысты мұражайларға, тарихи орындарға баруды ұйымдастыру.

#### **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы**

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады.

Жоба құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, белсенді заңды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, құқықтық мәдениетті қалыптастыратын адамға мақсатты, ұйымдасқан және жүйелі әсер етуді көздейді.

Жоба шеңберінде «Жеке қауіпсіздік», «Буллингке қарсы тұру мәдениеті» шараларымен қатар келесі мәселелерге назар аудару қажет:

А) Елінің тарихы мен дәстүрлеріне құрмет: Елдің мәдени мұрасын, тарихи оқиғалары мен жетістіктерін зерттеу және құрметтеу. Ата-бабамыздың ұлт дамуына қосқан үлесін бағалау.

Ә) Заңдарды сақтау және басқалардың құқықтарын құрметтеу: Ата Заңды, елінің, білім беру ұйымының заңдары мен кодексін білу, оларды сақтау және өз құқықтары мен айналасындағылардың құқықтарын қорғауды үйрену.

Б) Әлеуметтік және қоғамдық өмірге қатысу:

- азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін мектеп және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысу;

- адамдарға деген құрмет көрсету, өзгелердің сөзін бөлмеу, мазақ етуден, қорлаудан және дерексіздіктен аулақ болу.

В) Табиғи ресурстар мен мәдени мұраға ұқыпты қарау: Табиғи және

мәдени ресурстардың елдің болашағы үшін маңыздылығын түсіну және оларды сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау.

Г) Құқық және азаматтық саласындағы өзін-өзі тәрбиелеу: Өзекті

мәселелер мен оқиғалардан хабардар болу үшін құқық, тарих және мәдениет туралы материалдарды үнемі таныс болу, оқып отыру.

Д) Құрдастар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау:

- өз білімдері мен сенімдерін достарымен және сыныптастарымен бөлісу, оларды азаматтық өмірге белсенді қатысуға шабыттандыру;
- қауіпсіз мінез-құлық және қауіпсіз жайлы орта құруға белсенділік таныту, іс-шараларда және жұмыс кеңістігінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, айналасына зиян келтіруі немесе ыңғайсыздық тудыруы мүмкін физикалық байланыстан аулақ болу.

Е) Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау: Ата-ана, қоғам және Отан алдындағы міндеттерін түсіну, оларды жауапкершілікпен орындауға ұмтылу; өзінің сөздері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдау, өзгенің пікірін құрметтеу, туындаған қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге талпыну арқылы жүзеге асыру.

Жалпы жоба шеңберінде ынтымақтастық орната білу, құрдастарының идеялары мен ұсыныстарын құрметтей отырып, топта жұмыс істей алу, ортақ мақсаттарға жету үшін ымыраға келу, ресурстарды ұқыптылықпен пайдалану, өзгенің көзқарастарына құрметпен қарау.

Бұл жоба азаматтық білім берудің, елдің заңдары мен мәдениетін құрметтеудің және жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетеді.

#### **«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы**

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіледі.

Жоба аясында келесідей міндеттер іске асырылады:

- Білім алушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;
- Білім алушылар арасында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін танымал ету, спортта дарынды балаларды анықтау.
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 шарты» қағидатын ұстану (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) ұсынылады.

## ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

### ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуына	Өту мерзімі
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	1-4 сыныптар	Салтанатты жиын жәнәсынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, Еңбек сүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	1 қыркүйек
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	4 қыркүйек
3	«Мен өз елімнің адал азаматы боламын» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 қыркүйек

4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	18 қыркүйек
5	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынап сағаты	Сынып сағатының жоспары	25 қыркүйек

### ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан – Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)**

<b>№</b>	<b>Іс-шараның атауы, жоба түрі</b>	<b>Мақсатты аудитория</b>	<b>Ұйымдастыру түрі</b>	<b>Аяқталу нысаны</b>	<b>Өту мерзімі</b>
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	2 қазан
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	9 қазан
3	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	16 қазан
4	«Менің Отаным –Қазақстан» 25-қазан Республика күні	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	23 қазан

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс
- 

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	«Әкеге – ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы «Ата-аналар мектебі»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	6 қараша
2	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	«Мектеп спортының үздігі» жоғары айырым белгісін енгізу	13 қараша
3	Ы. Алтынсариннің әңгімелері, А. Байтұрсыновтың шығармаларына шолу «Оқуға құштар мектеп» жобасы	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	20 қараша
4	<i>Білімділер бәйгесі</i>	1-4 сыныптар	Зияткерлік сайыс сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	27 қараша

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	4 желтоқсан
2	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 желтоқсан
3	Дұрыс тамақтану әліппесі	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	25 желтоқсан

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	«Мен оқыған бірертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	8 қаңтар
2	Тәрбие көзі – салт дәстүр	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	15 қаңтар
3	«Ұлттық ойын- ұлтқазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	22 қаңтар
4	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы ата-аналар мектебі)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	29 қаңтар



## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдыңқазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	5 ақпан
2	«Үйрен жақсыәдептен...» <i>/ата-ана шақыру/</i> («Ата-аналар мектебі»)	1-4 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	12 ақпан
3	Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	19 ақпан
4	Кітап оқудың пайдасы Менің сүйікті кітабым («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Танымдық сағат	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	26 ақпан

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Ата-ана сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	4 наурыз
2	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Шығармашылық сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	11 наурыз
3	«Қош келдің, әз Наурыз!»	1-4 сыныптар	Мерекелік сазды-бағдарлама	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	18 наурыз

**СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)**

<b>№</b>	<b>Іс-шараның атауы, жоба түрі</b>	<b>Мақсатты аудитория</b>	<b>Ұйымдастыру түрі</b>	<b>Аяқталу нысаны</b>	<b>Өту мерзімі</b>
1	«Табиғат тамашалары» сурет көрмесі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Шығармашылық сағат	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	1 сәуір
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі»)	1-4 сыныптар	Жоба қорғау /Фото альбом, қабырға газеті, слайд-презентация т.б./	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	8 сәуір
3	«Эко бұйым» жасау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	15 сәуір
4	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	22 сәуір

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы, жоба түрі	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Өту мерзімі
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	29 сәуір
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	6 мамыр
3	Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	Зияткерлік сайыс	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	13 мамыр
4	Менің жетістігім – мектебімнің мерейі	1-4 сыныптар	Марапаттау сағаты	Сынып сағатының жоспары, анықтамасы	20 мамыр